

5. Bloom, Benjamin S., and others. 1974. *The Taxonomy Education objectives: Affective and Cognitive Domains*. New York: David McKay Company, Inc.
6. Elena K. Vdovina, Lourdes Cardozo Gaibisso. 2012. *Critical Thinking for English Language Teaching (EFL) Curriculum*.
7. <http://www.readingrockets.org/article/strategies-promote-comprehension>
8. Aretz, A. J., Bolen, M. T., & Devereux, K. E. (1997). Critical thinking assessment of college students. *Journal of College Reading and Learning*, 28(1). Retrieved September 2, 2005, from Expanded Academic Index ASAP database (A20053524).
9. Gocsik, K. (2002). Teaching Critical Thinking Skills. UTS Newsletter, 11(2):1-4

Бұзаубақова Клара Жайдарбекқызы
ТарМПИ, п.ғ.д., профессор
Тараз қ.

ДУБЛИНДІК ДЕСКРИПТОР НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ НӘТИЖЕСІН БАҒАЛАУ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада құзыреттілік тәсіліне негізделген білім мазмұнының базалық принциптерін басшылыққа ала отырып, Дублиндік дескриптор негізінде оқыту нәтижесін бағалау әдістемесі ашылады.

Түйінді сөздер: Құзыреттілік, Дублиндік дескриптор, Смарт - мақсат, құзыреттік диаграмма.

АННОТАЦИЯ

В этой статье раскрывается методика оценивания результата обучения на основе Дублинского дескриптора, руководствуясь базовыми принципами содержания образования, направленных на компетентностный подход.

Ключевые слова: Компетентность, Дублинский дескриптор, Смарт- цель, компетентностная диаграмма.

ABSTRACT

In this article is opened the methodic of evaluation of result of teaching on a base of Dublin descriptor managing some basic principles of content of education which are directed on the competence approach.

Keywords: Competence, Dublin descriptor, Smart- aim, competence diagram.

ЖОО-ның педагогикалық мамандықтары бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен білім беру бағдарламалары коммуникативті дағдыларды, ақпараттар мен технологияларды басқара білуді, проблемаларды шешуді, іскерлік пен креативтілікті қалыптастыратын құзыреттілік тәсіліне негізделген білімді алудағы тұлғаның дамуына, дербестігін қамтамасыз ететін нәтижеге бағытталады.

Құзыреттілік тәсіліне негізделген білім мазмұнының базалық принципі:

- тұлғаның адамгершілік-рухани қасиеттерін дамытуды ынталандыратын ізгі білім беру ортасын құру;

- ақпараттар мен технологияларды басқара білуі;

- кездескен проблемаларды ұтымды шеше алуы;

- іскерлік пен креативтілікті қалыптастыру;

- тұлғаның өздігінен дамуы мен дербестігін қамтамасыз ету.

Ал Блум таксономиясының білу- түсіну-қолдану-талдау- жүйелеу- бағалау сатылары на сәйкес Дублиндік дескриптор төмендегідей принциптерді басшылыққа алады:

- білу және түсіну (ұғыну) ;

- алған білімін тәжірибеде қолдану ;

- жүйелеу және қорытынды жасау;

- тиімді қарым-қатынас жасай алуы;
- оқу біліктілігі.

Болашақ педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін 4 деңгейге бөліп қарастыруға болады:

- 1 деңгей – білімділік;
- 2 деңгей – жобалаушылық ;
- 3 деңгей - зерттеушілік ;
- 4- деңгей – шығармашылық -креативтілік (1-кесте).

Кесте-1. Болашақ педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерінің деңгейлері

1 деңгей - білімділік (төмен)	2 деңгей – жобалаушылық (орта)	3 деңгей - зерттеушілік (жоғары)	4- деңгей – шығармашылық (өте жоғары-креативтілік)
<ul style="list-style-type: none"> • Мамандығы (пән) бойынша жаңа білім, жаңа теорияны , әдіс-тәсілдерді меңгеруі • Білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыра және жобалай алуы • Оқу материалын, оқыту құралдарын талдау, күтілетін нәтижелерді болжай алуы • Жаңа ақпаратты жүйелей алуы • Жаңа білімді тәжірибеде қолдана алуы 	<ul style="list-style-type: none"> • Толық емес, шектелген ақпараттың өзінде де өз білімін интеграциялай алуы • Алған жаңа білімін таныс емес жағдайда ұтымды пайдалана алуы • Педагогика теориясы мен практикасының жаңа жетістіктерін сындарлы бағалай алуы • Топта, ұжымда тиімді қарым-қатынас жасай алуы • Өз бетінше іздене алуы 	<ul style="list-style-type: none"> • Мамандығы бойынша жаңа білім, жаңа теорияны, әдіс-тәсілдерді жан-жақты меңгеруі • Алған білімін тәжірибеде шығармашылықпен қолдануы • Жаңа білімді жүйелей алуы және қорытынды жасауы • Ұжымда тиімді қарым-қатынас жасай алуы • Өз бетінше шығармашылық–зерттеушілік ізденіс жасай алуы 	<ul style="list-style-type: none"> • Мамандығы бойынша жаңа білім, теорияны, әдіс-тәсілдерді <i>терең меңгеруі</i> • Алған жаңа білімін тәжірибеде шығармашылықпен қолдануы • Жаңа білімді ұтымды жүйелей алуы және қорытынды жасай білуі • Сын тұрғысынан талдауға, бағалауға қабілеттілігі • Оқу әрекетінің нәтижелерін сараптау , диагностикалау

Болашақ педагогтың арнайы құзыреттерін бағдарламалық,әлеуметтік, креативтік іс-әрекеттер жүйесі айқындайды.

Болашақ педагогтың түйінді құзыреттерін қалыптастырушылық, жүйелеушілік, зерттеушілік іс- әрекеттер айқындайды (2 -кесте).

Болашақ педагогтардың кәсіби құзіреттіліктеріне кіретіндер:

- Педагогикалық процесті басқара білуі ;
- Шығармашылық ізденістің қажеттілігін түсіну ;
- Инновациялық технологияларды қолдана алуы;
- Оқу-тәрбие процесін нәтижесін талдай алуы;
- Алынған нәтижелерді жүйелеу, түзету ензізу;
- Оқу әрекетінің нәтижелерін сараптау, бағалау.

Кесте-2. Болашақ педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін бағалау

Рет	Педагогикалық құзырет	Денгейлер			
		Төмен Д	Орта С	Жақ- сы В	Өте жақсы А
1.	ПӘНДІК	17-20	20-24	25-29	30-30
1.1	Коммуникативтік				
1.2	Технологиялық				
1.3	Бақылаушылық				
2	ТҮЙІНДІ	17-20	20-25	25-30	30-35
2.1	Қалыптастырушылық				
2.2	Жүйелеушілік				
2.3	Зерттеушілік				
3	АРНАЙЫ	16-19	20-25	25-30	30-35
3.1	Бағдарламалық				
3.2.	Әлеуметтік				
3.3	Креативтік				
	Қорытындылау-нәтижесі	50-59	60-74	75-89	90-100

Мысалы, өзім дәріс беретін «Педагогика» пәнінен оқыту нәтижесін бағалауды қарастырайық (3 -кесте).

Кесте-3. «Педагогика» пәнінен оқыту нәтижесінің көрсеткіштерін бағалау

Реті	Педагогикалық құзыреттер	Оқыту нәтижесінің көрсеткіштері	Бағалау шкаласы			
			т	о	ж	ө
1.	ПӘНДІК					
1.1	Коммуникативтік	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Қарым-қатынас технологиясын меңгеруі ✓ Педагогикалық риторика саласындағы білімді меңгеруі ✓ Конструкциялық білік пен дағдыны меңгеруі ✓ Педагогикалық ынтымақтастыққа қабілетті болуы 		+		
1.2	Технологиялық	<ul style="list-style-type: none"> ✓ «Инновация»,«технология»,«педагогикалық технология» ұғымдарының мәнін ұғыну, жаңа білімді меңгеру ✓ Инновация технологияны топтай алуы ✓ Инновация технологияны жетілдіру жолдарын ашуға ұмтылуы ✓ Педагогикалық технологиялар бойынша шығармашылық ізденісі 		+		
1.3	Бақылаушылық	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Оқу-тәрбие процесіне педагогикалық технологияны ендірудегі менеджмент саласындағы білімді меңгеруі ✓ Оқу-тәрбие процесіне инновациялық технологияны ендіруде педагогикалық мониторингті жүзеге асыруы ✓ Болашақ педагогтың өзін-өзі бақылауы 		+		

		✓ Болашақ педагогтың өзін-өзі бағалауы				
2	ТҮЙІНДІ					
2.1	Қалыптастырушылық	✓ Оқу-тәрбие процесіне педагогикалық технологияны ендіру жолдарын жобалай алуы ; ✓ Оқу-тәрбие процесіне педагогикалық технологияны ендіруді жүзеге асыру біліктері мен дағдыларын меңгеруі			+	
2.2	Жүйелеушілік	✓ Педагогикалық технологиялар жүйесі саласындағы білімдерді меңгеруі; ✓ Инновациялық технологиялар бойынша шығармашылық ізденісі ✓ Инновациялық технологияларды жүйелей алуы ✓ Инновациялық технологиялардың құрылымын,оның құраушы элементтерінің өзара байланысын ажырата алуы			+	
2.3	Зерттеушілік	✓ Гносеология, әдіснама, инновациялық педагогика және психология, әдістеме саласындағы білімді меңгеруі; ✓ Ақпаратты басқару дағдылары мен біліктерінің болуы; ✓ Оқу-тәрбие процесіне педагогикалық технологияны ендіру бойынша -педагогикалық диагностика, талдау негізінде мониторинг жүргізе алуы ; ✓ Педагогикалық рефлексияға қабілетті болуы ✓ Оқу-тәрбие процесіне педагогикалық технологияны ендіру бойынша ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүргізе алуы және оның нәтижесін зерделей алуы	+		+	+
3	АРНАЙЫ					
3.1	Бағдарламалық	Пәндік, психологиялық-педагогикалық әдістемелік білімдер жүйесін меңгеруі: ✓ Оқытудың педагогикалық технологиялары бойынша теориялық білімді тиімді қолдана алу біліктерін игеруі; ✓ Педагогикалық инновация теориясы саласындағы білімдерді меңгеруі ✓ Оқу материалын (оқу бағдарламасына сәйкес) басқа пәндермен байланыстыра алуы ✓ Жаңа материалды өткен тақырыптармен байланыстыра алуы ✓ Әрбір сұрақтың негізгі идеясы, басты бағыты, мән-мағынасын тереңірек ашуы ✓ Педагогикалық технологияларының әрбір бөліктерін өзара байланыста қарастыра алуы ✓ Сабақта педагогикалық технологиялардың мән-мазмұнын ашатын, жаңа материалды жүйелейтін кесте, сызбалар (слайд) жасай алуы ✓ Әрбір сұрақты ашқанда нақты тұжырымдарды жеке бөліп көрсете алуы			+	

3.2	Әлеуметтік	✓ Әлеуметтік серіктестікке және педагогикалық ынтымақтастыққа қабілетті болуы; Адам құқықтары (білім беру мен баланы қорғау) саласындағы білімдерді меңгеруі; ✓ Педагогикалық этика нормаларын сақтауы ✓ Топта, ұжымда бірлесіп жұмыс жасай алуы				+	
3.3	Креативтік	✓ Өз бетімен инновациялық технологиялар бойынша білім алуы; ✓ Өзін-өзі тануға ұмтылуы; ✓ Білімді жетілдіру біліктері мен дағдыларын меңгеруі; ✓ Шығармашылық қызметтің теориялық негіздерін меңгеруі; ✓ Сыни тұрғыдан ойлауы ✓ Болашақ педагогтың (ұжымның) оқу-тәрбие процесіне педагогикалық технологияны ендіру бойынша ғылыми идея, жоба ұсынуы ✓ Өзінің жүргізген зерттеуі нәтижесінде кішігірім жаңалық енгізе алуы ✓ Сындарлы талдауға, бағалауға қабілеттілігі				+	
						+	+

Біз ұсынып отырған жүйе оқыту сапасын бағалап ғана қоймай, болашақ педагогтың өз мамандығына сыни көзбен қарап, өзін-өзі бағалауға толық мүмкіндік береді.

Болашақ педагогтың өз білімін, біліктілігін көтеруге кеңінен жол ашады:

- Болашақ педагог күнделікті сабаққа үлкен ізденіспен келеді, кең көлемде жаңа ақпараттар іздейді, күн сайын дәрісті жаңа мәліметтермен толықтырады;
- Оқытудың жаңа тиімді әдістерін іздестіреді;- Болашақ педагог өзінің ізденісінің арқасында креативтік шығармашылығының қалыптасуына жол ашады.

Осылайша, біз ұсынған әдістеменің нәтижесінде оқыту сапасы ғана емес, білім сапасы да артады.

Пайдалынған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы – Астана, Ақорда 27.07.2007 ж. № 319-III ҚРЗ. /Егемен Қазақстан. 15.08.2007 ж.
2. Құсайынов А. Әлемдегі және Қазақстандағы Білім берудің сапасы.- Алматы, 2013.-196 б.

Вегнерис Ольга Георгиевна,
 учитель русского языка и литературы
 ГУ «Аманкарагайская СШим.Н.Островского
 отдела образования акимата Аулиекольского района»

АНАЛИЗ, ПРОЕКТИРОВАНИЕ И РЕАЛИЗАЦИЯ ТРКМ УЧАЩИХСЯ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

АННОТАЦИЯ

Маңыздылығы. Технология. Білім сапасы. Қолдану. Мониторинг.

Негізгі сөздер: *сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы, сабақ, оқушы, дамыту, SWOT-талдау.*

АННОТАЦИЯ